

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	020
Жинақтағы беттері	84-91
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 336
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Бершқали Айымгүл Назарқызы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, Phd, қауымдастырылған профессор Кенжеғалиева З.Ж.
Мақала атауы	ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ӘСЕРІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ӘСЕРІ

Бершқали Айымгүл Назарқызы

[ayyungul.bershkali@asu-edu.kz](mailto:ayyungul.bershkali@asu-edu.kz)

БВ04104- Бизнес процестерінің есебі, аудиті және талдауы ББ 3 курс студенті  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, Phd, қауымдастырылған профессор Кенжеғалиева З.Ж.

Қаржылық сауаттылық – қазіргі қоғамның тұрақты дамуы мен әрбір азаматтың жеке әл-ауқатын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі. Оның маңызы күн санап артып келеді. Жеке қаржыны тиімді басқару, инвестициялау, несие алу және жинау секілді қаржылық дағдылар әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Дүниежүзілік банктің зерттеулері бойынша, қаржылық сауаттылық деңгейі жоғары елдерде халықтың экономикалық тұрақтылығы да жоғары [1].

XXI ғасырда цифрлық технологиялардың дамуы қаржылық ақпараттың таралуына жаңа мүмкіндіктер ашты. Әлеуметтік желілер қаржылық сауаттылықты арттырудың басты құралдарының біріне айналды. Мануэль Кастельстің айтуы бойынша ақпараттық технологиялар адамның әлеуметтік өміріне тікелей әсер етеді [2].

Соңғы жылдары қаржылық білімге деген сұраныстың артуымен қатар, оны алудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуда. Соның ішінде әлеуметтік желілер кеңінен танылып отыр. Facebook, Instagram, TikTok, YouTube және Telegram сияқты платформаларда қаржылық кеңестер, инвестициялық ұсыныстар, жеке қаржыны басқару бойынша лайфхактар кеңінен таралуда. Бұл процесс адамдарға қаржылық білім алудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынғанымен, оның белгілі бір тәуекелдері де бар.

Әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың таралуы, қаржылық алаяқтық схемалардың көбеюі және манипулятивті жарнамалардың ықпалы байқалуда.

Ричард Флорида осы орайда адамдардың қаржылық шешімдеріне эмоция мен әлеуметтік ықпалдың әсер ететінін көрсеткен [3]. Бұл әсіресе әлеуметтік желілердегі қаржылық кеңестерге деген сенімге тікелей қатысты.

Басқа да ғалымдар да қаржылық сауаттылықтың қоғамдағы маңыздылығын ерекше атап өтуде. Өз зерттеулерінде қаржылық сауаттылықтың адамның әл-ауқатына, инвестициялық шешімдеріне және экономикалық тұрғысынан қарағанда, адамдардың қаржылық шешімдері эмоциялар мен әлеуметтік ықпалға тәуелді екенін дәлелдеген.

Бұл мақала осы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, әлеуметтік желілердің қаржылық сауаттылыққа ықпалын жан-жақты талдауға бағытталған.

Авторлар Google Forms сауалнамасы арқылы әлеуметтік желілерден қаржылық ақпарат алу үрдістерін зерттеп, тұрғындардың көзқарастарын сараптады. Сонымен қатар, SWOT-талдау арқылы әлеуметтік желілердің қаржылық сауаттылыққа оң және теріс әсерлері бағаланып, ықтимал шешу жолдары ұсынылды.

*Зерттеудің мақсаты* әлеуметтік желілердің тұрғындардың қаржылық сауаттылығына әсерін анықтау. Қаржылық білімнің маңыздылығын, әлеуметтік желілердің ақпарат таратудағы рөлін зерттеу арқылы қоғамның қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша ұсыныстар беру. Ол үшін сауалнама жүргізіліп, алынған мәліметтер негізінде статистикалық талдау жасалды.

*Зерттеу әдістері.* Зерттеуді жүргізу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Теориялық талдау – қаржылық сауаттылық, әлеуметтік желілер және олардың байланысы туралы ғылыми еңбектер, мақалалар, ресми деректер мен статистикалық ақпараттарды зерттеу.

2. Сауалнама (Google Forms арқылы) – халықтың әлеуметтік желілерден алған

қаржылық ақпаратқа сенімділік деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді

3. SWOT-талдау – әлеуметтік желілердің қаржылық сауаттылыққа әсерінің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтау.

Қазіргі қоғамда қаржылық сауаттылықтың маңызы артып келеді. Қаржылық сауаттылық әрбір азамат үшін маңызды. Себебі күнделікті ақшалай операциялардан бөлек несие, депозит, ипотека секілді ірі келісімдер де бар. Бұл шешімдердің әрқайсысы тиімді қаржылық жоспарлау мен мұқияттылықты талап етеді.

«Қаржылық сауаттылық» ұғымы соңғы жылдары трендке айналды, бірақ оны әркім әрқалай түсінеді. Шын мәнінде, қаржылық сауаттылық – бұл жеке қаржыны басқару дағдысы, яғни табысты дұрыс бөлу, шығынды жоспарлау, жинақтау және инвестициялау қабілеті. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық адамның қаржылық, экономикалық үрдістерді түсініп, оларды күнделікті өмірде қолдану дағдысын да қамтиды.

Мәселен, табысы жақсы азаматтар бар, жоғары жалақы алады. Бірақ айдың соңында қалтасында ештеңе қалмай, ақшасының қайда кеткенін білмей отырады. Табысы жоғары болса да, не жинағы, не активі жоқ. Бұл қаржылық сауаттылықтың жеткіліксіздігін көрсетеді. Сондықтан тек табыс табуды ғана емес, оны дұрыс жұмсап, үнемдеп, басқаруды да үйрену маңызды. Осы тұрғыда әлеуметтік желілер қаржылық сауаттылықты арттырудың маңызды құралына айналуға.

Әлеуметтік желілердегі ақпараттың сенімділігі әрқашан жоғары бола бермейді. Қаржы пирамидалары, алаяқтық схемалар және жалған қаржылық кеңестер де жиі кездеседі. Сондықтан әлеуметтік желілердің қаржылық сауаттылыққа әсерін зерттеу маңызды. Әлеуметтік желілер мен қаржылық сауаттылық тақырыптары жеке-жеке көптеген ғылыми зерттеулердің нысаны болғанымен, олардың өзара байланысын қарастыратын еңбектер саны шектеулі. Бұл мәселе бойынша жүргізілген зерттеулерді отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері негізінде қарастырайық.

Шет елдерде жалпы қаржылық сауаттылық бойынша Анна Лусарди мен Оливия Митчелл қаржылық сауаттылықтың экономикалық маңызын зерттеген. Сонымен қатар қаржылық білімнің зейнетақы жинақтарына, инвестициялық шешімдерге және жалпы қаржылық тұрақтылыққа ықпалын зерттеген [4].

Әлеуметтік желілер бойынша Шерри Теркл-әлеуметтік желілердің адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынасты әлсірететіні туралы зерттеген болатын [5].

Әлеуметтік желілер мен қаржылық сауаттылықтың өзара байланысын зерттеу әлем бойынша тек соңғы жылдары ғана белсенді жүргізілуде. Бұл тақырыпта жүргізілген кейбір зерттеулер: Бейкер мен Рикс-қаржылық шешім қабылдауда әлеуметтік желінің ықпалы зор екенін анықтаған. Соның ішінде қаржылық ақпараттың әлеуметтік желілерде қалай таралатынын және оның адамдардың инвестициялық шешімдеріне әсерін талдады [6]

Ал Гер және Каур -Әлеуметтік медиа арқылы таратылатын қаржылық ақпараттың тиімділігі мен тәуекелдерін атап өтті [7].

Қаржылық сауаттылық бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі жыл сайын халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін бағалау мақсатында әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізеді. Сонымен қатар халықтың қаржылық білімін жетілдіру, қаржылық қызметтерге қолжетімділікті арттыру және қаржылық инклюзияны дамытуға бағытталған іс-шаралар жоспарланаған [8].

Әлеуметтік желілер бойынша Дмитриева А.С. Тулиндинова Ж.К. және Умаров А.А.- әлеуметтік желілердің қазақстандықтардың саяси мінез-құлқына ықпалын зерттеп, ақпарат таратудағы рөлін және олардың қоғамдағы өзгерістерге әсерін талдаған [9] Елімізде әлеуметтік желілер мен қаржылық сауаттылықтың өзара байланысын зерттеу жаңа бағыт болғандықтан бұл салада кешенді ғылыми еңбектер саны аз.

Қазіргі заманда әлеуметтік желілер қаржылық сауаттылықты арттырудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолданылуда. Соның нәтижесінде “әлеуметтік желілердегі қаржылық сауаттылық” деген жаңа ұғым қалыптасты. Бұл туралы Мартин Форд цифрлық платформаларда қаржылық кеңестердің рөлі артып келе жатқанын көрсеткен [10].

YouTube, Instagram, TikTok және Telegram секілді платформаларда қаржы кеңестерін беретін сарапшылар мен блогерлер көбейіп, адамдардың қаржыға деген көзқарасын қалыптастыруда.

Әлеуметтік желілер арқылы қаржылық сауаттылықты дамыту — заманауи, қолжетімді және тиімді әдіс болып табылады. Өйткені олар қаржы туралы ақпаратты кең таратады. Бұрын қаржылық сауаттылықты арттыру үшін арнайы курстарға қатысу немесе кітаптар оқу қажет болса, қазір бұл ақпараттың барлығы әлеуметтік желілерде қолжетімді. Яғни қаржылық білім алу үшін арнайы курстарға немесе университеттерге барудың қажеті жоқ. Адамдар кез келген жерде, кез келген уақытта қаржылық сауаттылыққа қатысты ақпаратқа қол жеткізе алады.

Видео, инфографика, подкаст, тікелей эфирлер сияқты әртүрлі форматтар ақпаратты жеңіл әрі түсінікті түрде қабылдауға көмектеседі. Қаржы туралы күрделі тақырыптар қарапайым тілде түсіндіріліп, адамдардың қызығушылығын арттырады. Әлеуметтік желілердегі қаржылық білім беру интерактивті түрде жүреді. Мысалы: қаржылық арналар, топтар немесе тікелей эфирлер адамдарға нақты сұрақтарын қоюға, пікір алмасуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік желілер бір сөзбен айтқанда қаржылық ақпараттың негізгі көзіне айналып отыр. Алайда, олардың қарқынды дамуы жалған ақпарат пен қаржылық алаяқтық қаупін де күшейтті. Әлеуметтік желілердегі ашықтық пен жылдам ақпарат тарату мүмкіндігі кейбір алаяқтар мен жалған ақпарат таратушыларға өздерінің заңсыз әрекеттерін жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Джозеф Уолтер атап өткендей онлайн ақпараттың шынайылығы мен сенімділігі әрдайым жоғары бола бермейді [11]. Катерина Мальковскаяның пікірінше әлеуметтік желілердегі қаржылық кеңестердің кейбірі сенімді болғанымен, жалған ақпараттың да таралу қаупі бар екені анықталды [12]. Әлеуметтік желілерде кез келген адам өзін қаржы сарапшысы ретінде көрсетіп, түрлі кеңестер ұсына алады, бірақ олардың бәрі дұрыс болмауы мүмкін. Және де қаржылық пирамидалар мен «тез байып кету» схемалары кеңінен таралып кетті. Көптеген адамдар осыған алданып, ақшасынан айырылып жатады.

Зерттеу бойынша әлеуметтік желілердегі қаржылық кеңестердің 50%-дан астамы сенімсіз дереккөздерге негізделген [13].

Азаматтардың қаржылық шығынға ұшырауы, шындыққа жанаспайтын инвестициялық ұсыныстар, алаяқтық схемалар. Қаржы пирамидалары (финансовые пирамиды) - тез байытуды уәде ететін, бірақ соңында қатысушылардың қаражатын алып, жоқ болатын жүйелер. Жалған сарапшылардың кеңестері – өзін қаржы маманы ретінде таныстырып, сенімді ақпарат ұсынатын алаяқтар халықты адастырады. Бұлардың барлығы жалған ақпараттың таралуынан болатын салдар.

Айта кеткендей, бүгінгі таңда адамдар ақпаратты көбінесе Instagram, YouTube, TikTok секілді платформалардан алады. Және де соны пайдаланып кейбір блогерлер тегін кеңестер беріп,, ал басқалары өздерінің курстарын, тренингтерін, коучинг бағдарламаларын сатуда. Бірақ олардың барлығы бірдей сенімді ме деген сұрақ туындайды. Расында кейбіреулері нақты білімдері мен тәжірибесіне сүйеніп кеңес береді. Ал қаржы саласында білімі жоқ, бірақ танымалдылыққа ие болған блогерлер. Олар көбінесе өздерінің тәжірибесіне сүйеніп немесе трендке ілесіп, ақылы курстар сату арқылы табыс табуға тырысады. Олардың бағдарламаларына мысал келтірсек:

«Кредиттен шығу жолдары»

«1 айда табыс көзін ашу»

«Инвестициялауды үйреніп, ақшаны көбейту»

«Табысты бизнес ашу құпиялары» және т.б. Бұл курстардың көбі нақты нәтиже бермейді, тек жалпы теориямен шектеледі. Барлық ақпаратты тегін табуға болатын интернеттегі материалдарды жинақтап сатады. Жауапкершілік мәселесіне келсек көптеген блогерлер өз курстарын сатып, бірақ кейін жауапкершіліктен бас тартады. Олардың келісімшарттарында «біз нәтиже үшін жауап бермейміз» деген ескертулер болады.

Келесі алаяқтың схемалардың кеңінен таралған түпі қаржылық пирамидалар - жалған инвестициялық схемалар, мұнда жаңа қатысушылардың ақшасы бұрынғыларға төленеді. Бұл

модель тұрақсыз, өйткені жаңа салымшылардың ағымы тоқтаған кезде жүйе күйрейді. Осы тақырыпты ғылыми жағынан алсақ Чарльз Понци-қаржылық пирамидалардың алғашқы классикалық үлгісі “Понци схемасы” деп аталады. Ол “инвесторларға 90 күнде 50% пайда беремін” деп уәде етіп, жаңа қатысушылардың ақшасын бұрынғы инвесторларға төлеген. Бұл жүйе көп ұзамай құлап, мыңдаған адам ақшасынан айырылды [14].

Фред Швед қаржы нарығы мен алаяқтық схемалардың психологиясы туралы айтып, қаржылық сауатсыздық адамдарды алаяқтардың құрбаны етеді деген пікірін ұсынды [15].

Осы адамдар неге алаяқтық схемаларға тап болатынын анықтайық.

Pew Research Center Инвесторлардың 58%-ы әлеуметтік желілерден қаржылық кеңес алады. Олардың 30%-ы жалған инвестициялық схемаларға ақша салып, ақшасынан айырылған деген нәтиже шығарды. Әлеуметтік желілер бұл схемалардың таралуына ықпал ететін фактор. Әлеуметтік желіде жалған ақпараттың таралуының салдары осы ақшаларынан айырылуына, қарыз көбеюне әкеледі [16].

Жалпы айтқанда әлеуметтік желілер қаржылық ақпарат алмасудың тиімді құралы болғанымен, оның қауіптері де бар. Жалған ақпараттың таралуы, қаржы пирамидалары, алаяқтық схемалар халықтың қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіреді. Қаржылық қауіпсіздікті сақтау үшін әрбір азамат алаяқтардың әдістерін білуі және олардың құрбаны болмау үшін сақтық шараларын ұстануы қажет. Қаржылық мінез-құлық және оның әлеуметтік желілер арқылы өзгеруі де осы әлеуметтік желілердің қоғамның санасына әсерін дәлелдейтін бірден-бір фактор.

Қаржылық мінез-құлық – адамның табыс табу, үнемдеу, инвестициялау және қаражат жұмсау дағдыларын қамтитын психологиялық және әлеуметтік құбылыс. Даниэль Канеман адамдардың қаржылық шешімдері рационалды ойлауға емес, көбінесе эмоция мен психологиялық стереотиптерге негізделетінін дәлелдеді. Ол “перспектива теориясы” арқылы адамдардың шығыннан қатты қорқатынын, ал табысқа жетуді оңай қабылдайтынын көрсетті [17].

Ричард Талер болса адамдардың басқалардың іс-әрекеттеріне қарап шешім қабылдайтынын, ал әлеуметтік желілер бұл үрдісті күшейтетінін атап өтті [18].

Адамдардың қаржыға қатысты шешім қабылдауға әсер ететін негізгі бірнеше факторлар бар. Олар:

1. Когнитивті факторлар (Рационалды емес ойлау, эмоциялар)-Қаржылық шешім қабылдау кезінде адамдар логикаға емес, эмоцияға жиі сүйенеді.

2. Әлеуметтік факторлар- Леон Фестингер адамдардың өздерінің қаржылық жағдайын өзгелермен салыстыра отырып, бағайлытынын көрсеткен. Және бұл олардың қаржылық мінез-құлқына тікелей әсер ететінін дәлелдеді. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер бұл процесті күшейтіп отыр [19].

3. Ақпараттық факторлар (Медиа, интернет, әлеуметтік желілер)-Қаржылық шешім қабылдау процесіне адамдар алатын ақпараттың сапасы мен сенімділігі де тікелей әсер етеді.

4. Экономикалық факторлар – жалақы, инфляция және экономикалық тұрақсыздықтар да шешімдерді өзгертеді. Адамдардың қаржылық шешімдері олардың экономикалық жағдайына байланысты.

Жалпы айтқанда қаржылық мінез-құлық, қаржылық шешімдердің өзгеруіне осы төрт негізгі фактор әсер етеді. Сондықтан, әлеуметтік желілердің әсерін түсініп, саналы түрде қаржылық шешімдер қабылдау қажет.

Әлеуметтік желілер табыс табудың да құралы бола алады. Онлайн табыс көздері барған сайын танымал болуда, әсіресе фриланс, инвестиция және блогинг бағыттары. Фриланс – адамның тұрақты жұмыс берушісіз, жеке жобалармен айналысуы және интернет арқылы қызмет көрсетуі.

Катерина Мальковская жүргізген зерттеу бойынша фрилансерлердің 70%-ы дәстүрлі жұмысқа қарағанда көбірек табыс табатынын анықталды [12]. Фрилансерлердің саны соңғы 5

жылда 70%-ға өскен. Freelancer.com платформасында 2023 жылы 60 миллионнан астам қолданушы тіркелген, бұл фриланстың қарқынды дамып жатқанын көрсетеді [20].

Инвестиция – бұл жеке капиталды көбейту мақсатында активтерге қаржы салу процесі. Ал әлеуметтік желілер бұл процесті жеңілдетіп, қолжетімді етеді. Бірақ табыс табу үшін дұрыс стратегияны таңдау, тәуекелдерді басқару және ақпараттың сенімділігін тексеру маңызды. Инвесторлар TikTok, Instagram, YouTube, Twitter және Telegram сияқты платформаларды пайдаланып, қаржы туралы ақпарат алып, инвестициялық стратегияларын қалыптастырады.

Блогинг – адамның әлеуметтік желілер арқылы контент жасап, аудиторияға пайдалы ақпарат беруі. Бұл сала жарнама, демеушілік жобалар, тікелей сату және жазылым жүйесі арқылы табыс табуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда әлемде 4,6 миллионнан астам адам блогерлікпен айналысады. YouTube блогерлерінің 20%-ы айына 1000\$-дан астам табыс табады екен. Мысалға елімізде Қазақстанда YouTube және TikTok платформаларында контент жасаушылардың саны 5 жылда 80%-ға артқан [21]. Бұлар табыс табудың икемді әрі перспективалы түрлері болғанымен, тәуекелдері де бар. Мысалы қаржылық тұрақсыздық фрилансерлердің айлық табысы тұрақты қызметкерлерге қарағанда өзгермелі. Клиенттер саны, нарық сұранысы, маусымдық өзгерістер табыс көлеміне әсер етеді. Қазақстанда статистикаға сүйенсек 2022 жылы Telegram-да жалған инвестициялық жобалардан 5 000-нан астам адам зардап шеккен [22]. Ал блогерлердің табысын онлайн бедел мен аудиториясы анықтайды. Блогерлер осы табысынан айырылмас үшін аудиторияның сенімін сақтау керек. Әрине әлеуметтік желілер фриланс, инвестиция және блогинг арқылы табыс табудың жаңа мүмкіндіктерін ашты. Бірақ мүмкіндіктерімен қатар тәуекелдері де бірге жүретін ұмытпау маңызды.

Google Forms сауалнамасының нәтижелері, диаграммаларға сүйене отырып статистикалық талдау жасайық.

Тұрғындардың қаржылық сауаттылығына әлеуметтік желінің әсері” тақырыбындағы зерттеу аясында Google Forms платформасы арқылы сауалнама жүргізілген болатын.

Бұл сауалнама қаржылық сауаттылықтың қазіргі деңгейін, әлеуметтік желілердің оған ықпалын және тұрғындардың қаржылық ақпаратқа деген көзқарасын анықтауға бағытталған. Сауалнама студенттер, жұмыс істейтін азаматтар және басқа тұрғындар арасында жүргізіледі. Оған 87 респондент қатысты. Олардың жалпы сипаттамасын білу үшін диаграммаларға талдау жасайық.



Сурет 1 - Жас аралығы бойынша нәтиже нәтижесі



Сурет 2 - Жынысы бойынша сауалнама нәтижесі



Сурет 3 - Статусы бойынша сауалнама нәтижесі

Респонденттердің жалпы сипаттамасы:

- Жасы Қатысушылардың басым бөлігі 14-18 жас аралығындағы жастар.[1-сурет]
- Жынысы: Ерлер мен әйелдердің қатысу көрсеткіші үлкен ауытқу көрінеді яғни басым бөлігі әйел адамдар. [2 сурет]
- Статусы: Көпшілігі студенттер мен жұмыс істейтін азаматтар.[3 сурет]

Негізгі нәтижелер бойынша статистикалық талдау

1.Респонденттердің 65%-ының әлеуметтік желілерді негізгі қаржылық ақпарат көзі ретінде пайдалануы – бұл платформалардың қаржылық сауаттылыққа үлкен ықпал ететінін көрсетеді.

2. 57,5%-ы кейбір блогерлердің қаржылық кеңестеріне сенетінін айтты. Бұл әлеуметтік медианың адамдардың қаржылық шешімдеріне ықпал ететінін дәлелдейді.

3.Жарнамалар арқылы тауар сатып алғандардың 75%-дан асуы – адамдардың қаржылық шешімдеріне әлеуметтік желілердің ықпалын дәлелдейді.

4.Негізгі табыс-55,2% – жалақы. Бұл тұрғындардың жартысынан астамы тұрақты жұмыспен қамтылғанын көрсетеді.

5. Респонденттердің 71,3%-ы қаржы туралы сапалы контенттің көбеюін қолдайды. Бұл халықтың қаржылық білімге деген сұранысының жоғары екенін көрсетеді.

Қорытынды: Сауалнама нәтижелері тұрғындардың басым бөлігі қаржылық ақпаратты әлеуметтік желілерден алатынын және блогерлердің кеңестеріне сенетінін көрсетті. Дегенмен, жалған ақпарат пен қаржылық алаяқтық қауіп сақталып отыр. Осыған байланысты сапалы қаржылық контентті арттыру және қаржылық білім беру бастамаларын дамыту маңызды.

SWOT-талдау арқылы әлеуметтік желілердің қаржылық сауаттылыққа әсерін бағалап, нәтижелерін көрсеттік (1 кесте).

SWOT-талдау әлеуметтік желілердің қаржылық сауаттылыққа ықпалын төрт негізгі аспект бойынша қарастыруға мүмкіндік береді: күшті жақтары (Strengths), әлсіз жақтары (Weaknesses), мүмкіндіктері (Opportunities) және қауіптері (Threats).

Кесте 1- Әлеуметтік желілердің қаржылық сауаттылыққа әсері

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)	Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптері (Threats)
Қолжетімділік – Қаржылық білім кез келген уақытта, кез келген жерде онлайн түрде қолжетімді.	Ақпараттың сенімсіздігі – Кез келген адам қаржылық кеңесші бола алады,бірақ олардың біліктілігі расталмаған.	Ресми дереккөздердің белсенділігі – Банк, қаржылық ұйымдар әлеуметтік желілерде сапалы контент тарата алады.	Қаржылық пирамидалар мен алаяқтық схемалар – Әлеуметтік желілер алаяқтардың негізгі құралына айналуы мүмкін.

Тегін білім алу мүмкіндігі – YouTube, Instagram, TikTok сияқты платформаларда тегін қаржылық кеңестер мен сабақтар көп.	Манипуляция және жарнама – Кейбір блогерлер мен компаниялар өнімдерін насихаттау үшін жалған немесе біржақты ақпарат таратады.	Қаржылық сауаттылықты дамыту жобалары – Онлайн курстар, вебинарлар және арнайы платформалар арқылы сенімді ақпарат таратуға мүмкіндік бар.	Қате ақпараттың әсері – Дұрыс емес қаржылық кеңестер адамдардың қателесіп, ақшаларын жоғалтуына әкелуі мүмкін.
Тез ақпарат тарату – Жаңа қаржылық трендтер, инвестициялық мүмкіндіктер және алаяқтық схемалар туралы ақпарат жылдам таралады.	Үстірт білім – Әлеуметтік желілердегі қысқа форматтағы контенттер терең қаржылық білім алуға мүмкіндік бермейді.	Жасанды интеллект және алгоритмдер – Ақылды жүйелер арқылы пайдаланушыларға қажетті және сенімді қаржылық ақпаратты ұсыну.	Жасанды трендтер мен хайптар – Кейбір қаржылық трендтер (мысалы, криптовалюта, инвестициялау) адамдарды шынайы қаржылық жағдайды бағалаусыз әрекет етуге итермелейді.
Түрлі форматтар – Видеолар, инфографикалар, посттар, тікелей эфирлер арқылы қаржылық сауаттылықты әртүрлі әдіспен үйренуге болады.	Жалған ақпараттың көптігі – Қаржылық пирамидалар мен инвестициялық алаяқтық схемалар жиі кездеседі.	Алаяқтықпен күресу – Әлеуметтік желілердің әкімшілігі қаржылық алаяқтыққа қарсы шараларды күшейте алады.	Жалған сарапшылардың көбеюі – Әлеуметтік желілерде өзін сарапшы ретінде көрсетіп, адамдарды адастыратын блогерлер саны артуда.

Нәтижелерге сүйенсек, әлеуметтік желілер қаржылық сауаттылықты арттыруда маңызды рөл атқарады. Алайда, ақпараттың сапасы мен шынайылығына сенімді болу үшін пайдаланушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуы қажет. Қаржылық білімді ресми дереккөздерден алу және алаяқтық схемалардан сақтану-әлеуметтік желілердің негізгі қауіптерін азайтудың басты жолдары.

Жалпы осы мақалада аталған проблемаларды шешу жолдары мен ұсыныстар айта кетсек: зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік желілер қаржылық сауаттылықты арттыруда маңызды рөл атқарғанымен, олармен байланысты бірқатар проблемалар бар. Бұл бөлімде негізгі мәселелерді шешу жолдары мен ұсыныстар қарастырылады.

1. Ақпараттың сапасын арттыру: Әлеуметтік желілердегі қаржылық контенттің сапасын арттыру үшін мемлекеттік реттеу механизмдерін күшейту қажет.

2. Қолданушылардың қаржылық сауаттылығын дамыту: Қаржылық сауаттылық курстарын ұйымдастыру – Мектептер мен университеттерде қаржылық сауаттылық пәнін енгізу.

Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру – Пайдаланушылардың жалған ақпаратты тану қабілетін арттыру үшін арнайы тренингтер өткізу.

Ресми қаржылық платформалар құру – Сенімді ақпарат алу үшін мемлекет тарапынан тексерілген онлайн ресурстар әзірлеу.

3. Алаяқтықтың алдын алу және заңнаманы күшейту: Жалған қаржылық ақпарат тарататын блогерлерге жауапкершілік жүктеу

Қаржылық пирамидаларға қарсы күрес – Әлеуметтік желілерде алаяқтық схемалар туралы ақпараттық науқандар жүргізу.

Әлеуметтік желілердің жауапкершілігін арттыру – Платформалар қаржылық алаяқтықты анықтап, бұғаттау шараларын күшейтуі керек.

4. Сенімді қаржылық контентті дамыту

Жасанды интеллектті пайдалану – Фейк жаңалықтарды сүзгіден өткізіп, тексерілген ақпаратты пайдаланушыларға ұсыну.

Қаржылық сауаттылық бойынша инфлюенсерлерді қолдау – Жоғары сапалы контент жасайтын блогерлер мен сарапшыларға гранттар мен қолдау көрсету.

Қаржылық сауаттылықты жастар арасында кеңінен насихаттау – TikTok, Instagram сияқты танымал платформалар арқылы жастарға бейімделген ақпарат тарату.

Бұлардың барлығы қазіргі кезде өзекті проблемалар және оларды шешу бойынша ұсыныстар.

Жүргізілген зерттеулер жиынтығы көрсеткендей, әлеуметтік желілер тұрғындардың қаржылық сауаттылығына елеулі әсер етеді. Әлеуметтік желілер қаржылық сауаттылықты арттыруда маңызды рөл атқарады, бірақ олардағы ақпараттың сапасы мен сенімділігі әртүрлі. Ғылыми зерттеулер мен сауалнама нәтижелері әлеуметтік желілердің екіжақты әсерін көрсетеді: бір жағынан, қаржылық білім алуға мүмкіндік береді, екінші жағынан, жалған ақпарат тарату қаупін күшейтеді.

Google Forms сауалнамасының нәтижелері бойынша, респонденттердің көпшілігі қаржылық ақпаратты Instagram, TikTok, YouTube сияқты әлеуметтік желілерден алатынын көрсетті. Сонымен қатар, кейбір блогерлердің қаржылық кеңестеріне сенетіндердің саны да айтарлықтай жоғары.

SWOT-талдау негізінде әлеуметтік желілердің қаржылық сауаттылыққа ықпалын бағалай отырып, олардың қолжетімді және көпшілікке тегін ақпарат көзі екенін анықтадық. Алайда, ақпараттың сенімділігі мен сапасы үлкен мәселе болып отыр. Жалған сарапшылардың көптігі, қаржылық пирамидалар мен манипуляциялық жарнамалар әлеуметтік желілердегі басты қауіптердің бірі болып табылады. Осыған байланысты, алдағы уақытта осы тақырыпты одан әрі кеңейтіп, қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған нақты стратегияларды әзірлеу қажет. Жалпы, әлеуметтік желілер – қаржылық сауаттылықты дамытуда маңызды құрал, бірақ оның қауіптері мен тәуекелдерін ескере отырып, ақпараттың сенімділігін қамтамасыз ету қажет.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дүниежүзілік банк. “Financial Literacy and Inclusion Report”, 2020.
2. Мануэль Кастельс-The Rice of the Network Society 2010.
3. Ричард Флорида – The Rise of the Creative Class, 2002.
4. Lusardi, A., & Mitchell, O. S. (2014). The Economic Importance of Financial Literacy: Theory and Evidence. Journal of Economic Literature.
5. Шерри Теркл- Turkle, S. (2015). Reclaiming Conversation: The Power of Talk in a Digital Age.
6. Бейкер мен Рикс- Social Media and Financial Decision-Making (2021).
7. Гер және Каур-Impact of Social Media on Financial Literacy and Investment Decisions.
8. “Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы”.
9. Дмитриева А.С.Тулиндинова Ж.К. және Умаров А.А.-“Әлеуметтік желілердің Қазақстанның қазіргі саяси жағдайына әсері” ғылыми мақала (2022).
10. Мартин Форд – Rise of the Robots, 2015.
11. Джозеф Уолтер – Social Information Processing Theory, 1992.
12. Катерина Мальковская – “Әлеуметтік желілердегі жалған қаржылық кеңестер